

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЭКОЛОГИЯ  
ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ЭКОЛОГИИ И ПРИРОДНЫХ  
РЕСУРСОВ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8  
«Министрліктер үйі», 14-кіреберіс  
тел.: +7 7172 74 08 44

010000, г. Астана, пр. Мангилик Ел, 8  
«Дом министерств», 14 подъезд  
тел.: +7 7172 74 08 44

№

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаттары

«АМАНАТ» партиясы  
фракциясының мүшелері  
Е.Ж. Сатыбалдинге  
А.Д. Әлтайға  
М.А. Әбеневке  
Ж. Амантайұлына  
А.С. Құспанға  
С.М. Пономаревқа  
Ү. Шапаққа

«Ақ жол» Қазақстан Демократиялық  
партиясы фракциясының мүшесі  
Қ.Ж. Исаға

2024 жылғы 25 қаңтардағы  
№ ДС-11 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) киіктер популяциясын реттеуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарастырып өз құзыреті шегінде келесіні хабарлайды.

2023 жылғы көктем санағының нәтижесінде Қазақстанда киіктер саны 1 915 000 дарақты құрады. Ғылыми зерттеулерге сәйкес олардың оңтайлы саны 800-900 мыңнан аспауы керек.

Алайда киіктер санының едәуір өсуі олардың қолда бар жемшөп ресурстарына сәйкес келмеуіне байланысты күрделі проблемаларға және ауыл

шаруашылығы өндірушілерімен шиеленіске әкелді, ауыл экономикасына зиян келтіріп, жалпы халықтың жаппай наразылығын тудырды.

Популяциялардың ең жоғары деңгейін қолдайтын және сақтау үшін қауіп төндірмейтін оңтайлы көрсеткіштерге келтіру мақсатында 2023 жылғы биологиялық негіздемеге сәйкес Үкімет киіктерді мекендеу ортасынан алу жолымен олардың санын реттеу жүргізу туралы шешім қабылдады.

Киіктердің санын реттеу мемлекет үшін коммерциялық пайдасы жоқ мәжбүрлі шара болып табылады. Іс-шараларды өткізуге жұмсалған қаражат ел халқына ет комбинаттары сататын ет және ет өнімдері есебінен өтеледі. 2023 жылдың күзінде 650 тоннаға жуық киік ұшалары қайта өңделді.

Үкіметтің қаулысын іске асыру мақсатында Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті «Охотзоопром ӨБ» РМҚК ведомстволық бағынысты ұйымына ағымдағы жылғы 10 қаңтар мен 29 ақпан аралығында киіктер санын реттеуді ұйымдастыруды тапсырды.

Заңнамаға сәйкес Батыс Қазақстан, Атырау, Ұлытау, Ақтөбе, Қарағанды және Қостанай облыстарының орман шаруашылығы және жануарлар дүниесінің аумақтық инспекцияларына киіктерді реттеуге ресми рұқсаттар берілді.

Киіктерді оның дериваттарын реттеу механизмі бойынша іс-қимыл алгоритміне сәйкес (бұдан әрі-іс-қимыл алгоритмі) «Охотзоопром ӨБ» РМҚК инспекторлары киіктерді тікелей аулауға немесе атуға қатыспайды. Браконьерлікке не басқа да бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында олар «Охотзоопром ӨБ» РМҚК-мен жасалған шарттар негізінде киіктерді алуға тартылған аңшылармен еріп жүруді жүзеге асырады.

Құрметті депутаттар, Сіздер қойған сауалда уәкілетті орган буаз киіктерді атып, Қызылжар кентінің жергілікті тұрғындарының наразылығын тудырғаны туралы айтылған.

2024 жылғы 16 қаңтарда Ұлытау облысының Жаңаарқа ауданы Қызылжар кентінің аумағында болған оқиғаның басты себебі буаз киіктерді ату емес, басқа жағдайлар болғанын айта кету керек. Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы Қызылжар ауылының 4 азаматы (*Д.В. Алексюнас, Н.Ж. Байдаулетов, С.Т. Құсайынов, Ж.А. Мұхамбетжанов*) мас күйінде «Охотзоопром ӨБ» РМҚК инспекторларының орналасқан жеріне таңғы сағат 5 шамасында келіп, шабуыл жасаған, «Охотзоопром ӨБ» РМҚК инспекторы Оспанов Саматпен төбелесіп, оны ұрып соғады да, қызметтік автокөліктің кілті мен инспектордың табельдік қаруын заңсыз иемденіп тартып алады. Сонымен қатар, бұзақылар инспекторлар құрамы мен аңшыларға олардың лауазымдық міндеттерін орындауына кедергі келтірді.

Аталған фактіге сәйкес ҚР ҚК 380-2-бабы 1-бөлігі (*жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға, мамандандырылған ұйымның инспекторына қатысты зорлық-зомбылықты қолдану*), ҚР ҚК 291-бабының 1-бөлігі (*атыс қаруын ұрлау*) бойынша қылмыстық істер қозғалды.

Қазіргі уақытта Ұлытау облысы Полиция департаменті іске қатысты мән-жайларды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруда, оның нәтижелері

бойынша процестік шешім қабылданады және қылмыстық процеске қатысушылардың барлығының іс-әрекеттеріне құқықтық баға беріледі.

Жоғарыда аталған сауалда киіктер ауылдық мекендерге он шақырымға жақындаған кезде не істеу керек екендігі жөнінде «Регламентке» сәйкес халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туралы көтерілген мәселе бойынша «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңға, сондай-ақ жануарлар дүниесі саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мұндай «Регламент» жоқ екенін хабарлаймыз. Солай бола тұра Охотзоопром қызметкерлері киіктердің қоныс аудару (миграция) кезеңдерінде шаруалар мен фермерлерге ескертіп, олармен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Киіктерді жою, кәрі, ауру жануарларды алу және т.б., сондай-ақ буаз киіктерді алуды тоқтату туралы мәселелер бойынша реттеу кезеңінде мыналарға назар аудару керек:

Киік туралы жағдай бұл әуесқойлық немесе кәсіптік аң аулау жайлы емес, бұл киіктің санын реттеу туралы, яғни киіктер ареалындағы ауылшаруашылық құрылымдарына зиян келтірмеу, биологиялық тепе-теңдікті (*эпизоотия, жайылымдардың деградациясы, топырақ эрозиясын болдырмау*) сақтау мақсатында популяцияны азайту жөніндегі мәселе болып табылады.

Киіктің күйлеуі мен жұптасуы желтоқсанда аяқталады, сондықтан қаңтар мен ақпан айларында аналықтары буаз болуы мүмкін, бірақ бұл төлдеудің ерте сатысы, ал жұптасқаннан кейінгі кезеңде жабайы жануарларды көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда да аулауға болады.

Сонымен қатар, тұяқты жануарлардың барлық түрлерін аулаудың қазіргі уақыты күйлеуден кейінгі, яғни аналықтары ұрықтанған кезең. Мысалы, ұрғашы еліктерді аулау маусымы қыркүйекте басталады (тамызда күйлеу басталады); қабанды тамызда (қазанда күйлеу басталады), маралды, аскания бұғысы мен бұланды қыркүйекте (қыркүйекте күйлеу басталады), тауешкі мен құдырды қыркүйекте (қарашада күйлеу басталады) және 31 желтоқсанға дейін созылады.

Аң аулау мерзімдерін ғылыми-техникалық кеңес биологиялық негіздемеге сәйкес бекітті, алынатын жануарлардың жыныс-жас құрамын аңшылардың есепке алу деректері бойынша айқындайды. Бұл ретте, аулау мерзімі (аналықтарды қыркүйектен бастап) ет өнімдерінің жоғары сапасына ие болады. Сол себепті, жануардың ұрығы қалыптасуының басында аулауға рұқсат етіледі.




Жануарлардың санын реттеу жөніндегі іс-шаралардың халықаралық тәжірибесі көрсетіп отырғандай, Жаңа Зеландияда жыл сайын жыртқыш жануарлардың саны азаяды; Германияда жабайы қабандарды реттеу жыл бойы жүргізіледі; Австралияда жануарлардың өсіп келе жатқан популяциясын азайту үшін авиация қолданылады. Финляндияда бұлан аулау 15 қаңтарға дейін, Швецияда ақпан айының соңына дейін жүргізіледі.

Біздің жағдайда, біз киіктің өнімін адамдардың игілігі үшін барынша пайдаланамыз, бұл ретте киіктің санын реттеу жөніндегі жұмыстарға жергілікті тұрғындар (аңшылар, ұстаушылар) тартылады, олар алдағы уақытта сапалы аң

аулауға негіз болатын жануарларды алудың қажетті дағдыларын меңгереді, киіктердің санын оңтайлы санға дейін азайту мәселесін шешеді.

**Құрметпен,  
Қазақстан Республикасының  
Экология және табиғи  
ресурстар министрі**

**Е. Нысанбаев**

 *Е.Жұманов*  
 8 (7172) 74-05-97  
 *e.zhumanov@ecogeo.gov.kz*